

Бишімбаев ісі:
отандық соттағы
үлкен прогресс



2-БЕТ

Қаржы пирамидасынан
зардап шеккендер көп



6-БЕТ

«Балаға қай тілге
білім берсең, түбі сол
ұлтқа қызмет етегі»



8-БЕТ



• СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Бибігүл СҰЛТАНОВА,
Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық университеті,
Қазақ әдебиеті кафедрасының
қауымдастырылған профессоры:

ҒЫЛЫМ – КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН, ТАРАЗЫҒА ӨЛШЕНБЕЙТІН ЕҢБЕК

«ЖОО үздік оқытушысы – 2023» байқауының нәтижесі бойынша Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінен Қазақ әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры Сұлтанова Бибігүл Мыңбайқызы үздік оқытушы деп танылған еді. Грант жеңіп алған үздік оқытушылар жақында Түркістан қаласында салтанатты түрде марапатталды.

– Бибігүл ханым, байқау жеңімпазы атауыңызбен иын әсүрekten құттықтаймын. Еңбектің ақталуы – үлкен мақтаныш. Осы конкурс жайында айтып берсеңіз.

– Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастыратын «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» сайысы республикадағы ең беделді конкурстар қатарында. Бұл сайысқа төрт жыл қатарынан қатыстым. Төртінші жылы ғана конкурс жеңімпазы атандым. Конкурс шарты бойынша білім, ғылым, сабақ беруде инновациялық технологияларды игеру, сабақ барысында оны қолдану, ғылымда шәкірт тәрбиелеу, кәсіби біліктілігінді үздіксіз көтеру және оны көрсете алу тәрізді қырлардың бойынша сарапқа түссемін. Конкурсқа ұсынған «Шетел әдебиеті» пәні бойынша дайындаған оқулығымды өзім де сәтті жұмысымның бірі деп білемін.

– Ғылымға деген қызығушылық неден басталды?

– 1985–1990 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) филология факультетінде оқыдым. Оқу бітіре салысымен Жамбыл гидромелиорация құрылыс институтына жолдамамен барып, жұмыс істедім. 2002–2003 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Филология факультеті, Қазақ әдебиеті кафедрасында іс-тәжірибеден өттім.

(Соңы 5-бетте)

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№25 (3654)
5 сәуір 2024



• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢҒЕРЛЕР ДАЙЫНДАУҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ



Білікті әрі білімді заңгерлерді даярлау тәуелсіз Қазақстанда құқықтық мемлекетті дамытудың жолы мен мемлекеттік саясаттың басым бөлігінің бірі. Мемлекетімізде білім беру жүйесінде 2010 жылдан бері орын алып жатқан реформалар жоғары заңдық білім беру сапасының төмендеуіне әкеп соқтырды.

(Соңы 4-бетте)

• ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Биылғы су тасқыны еліміздің барлық аймағында аса күрделі. Жылдағыдан молырақ түскен қар мен күз бойы тоқтаусыз жауған жаңбырдан кейін жер тоң болып қатып қалған. Мамандардың айтуынша, бұл су тасқынымен күресте елеулі қиындықтар туғызды. Бұл орайда төтенше жағдай қызметі мен жергілікті атқарушы органдардың, басқа да су тасқынымен күреске жұмылдырылған күштік құрылымдардың атқаратын жүгі аса ауыр екені түсінікті. Дегенмен, ел басына күн туған шақта құзырлы органдар да, халық та жұдырықтай жұмыла әрекет етіп, тасқынға тосқын болып жатқанын аңдауға болады.

Су тасқыны көктемнің басынан-ақ әбiгерге салған аймақтың бірі – Ақмола облысы. Өңірдің Целиноград, Аршалы, Атбасар, Сандықтау және Астрахан сияқты бірнеше ауданында қар көбесі сөгілместен бұрын 13 мыңнан астам адам тұратын 112 елді мекенге су басу қаупі төнген еді. Дегенмен, жергілікті атқарушы органдар мен төтенше жағдайлар қызметінің бірлескен

әрекетінің арқасында қазіргі уақытта жағдайдың біршама тұрақталып, бақылауға алынғаны байқалады.

Наурыздың онынан бастап күн күрт жылына бастағандықтан, облыста төтенше жағдай қызметімен қоса барлық құзырлы органдар жоғары әзірлік режиміне көшкен.

(Соңы 3-бетте)



• МҮДДЕ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТЕРІС КӨЗҚАРАС ҚАЛЫПТАСТЫРУ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру – мәдениеттіліктен басталуы қажет. Бұл жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі құралы десек қателеспейміз. Жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлыққа төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады. Демек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, құқықтық және құқықтық емес, заңды және заңсыздықтың шегін көрсетеді. Ол жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қамтамасыз ету үшін моральдық-адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді. Кеселге қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидаты маңызды рөл атқарады. Жастардың жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді. Сондықтан баланы қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдығының бірі – осы індетпен халық болып күресу. Жемқорлық сынды жұмысқы әрекетке бару, ең алдымен, адами фактор, ал ол әр азаматтың таным-түсінігіне, рухани кемелділігі мен ой-өрісі, сана-сезіміне тікелей байланысты. Бұл – дамыған елдер тәжірибесінде оң бағаланған, нәтижелі әдістің бірі. Сонымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра отырып, қоғамдық сананың өзгеруіне түрткі болатынымыз айдан анық.

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті. Ал қоғамды құрушы – адамдар, яғни біздің өзіміз. Демек, бұл дертпен

күресуде әрқайсысымыздың рөліміз, әрқайсысымыздың әрекетіміз маңызды. Моральдық-адамгершілік, этикалық мәдениетті тәрбиелеп, құқықтық сауаттылық негіздерін, мүдделер қақтығысының барлық көріністеріне төзбеушілікті, өскелең ұрпақтың жастайынан құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыру, отансүйгіштік бағыттағы құндылықтар негізінде тәрбиелеу абзал.

Сондықтан жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция әрбірімізде болуы керек. Мұның бәрі елімізде құқықтық мемлекеттің іс жүзінде орнауына, заңның үстемдігіне, әр адамның қауіпсіз өмір сүруіне, қоғамдық тәртіптің нығаюына, әлеуметтік ахуалдың жақсаруына, ең бастысы ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрақты дамуға жол ашады.

Данияр АХШАЕВ,
Түркістан облысы көзметке
толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
соты әкімшісінің басшысы

ТАРАТУ

2. Үнді Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген «ARCELOMITTAL DESIGN AND ENGINEERING CENTRE PRIVATE LIMITED» заңды тұлғасы, компанияның идентификациялық нөмірі: U74210WB2008PTC128082, орналасқан жері: Godrej Waterside гимараты, 2 мұнара, 3 деңгей, Юнит 307, V учаске, № 13 көше, Блок-DP, Сектор V, Солт-Лейк, Калькутта - 700091, Үндістан (әрі қарай - «Компания»), Компания 2024 жылғы 12 наурызда «ArcelorMittal Design And Engineering Centre Private Limited» Компаниясының Қазақстандағы филиалының, бизнес-идентификациялық нөмірі (БСН) 220441044323, қызметін тоқтату (тарату) туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, M28D4G7, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Республика даңғылы, құрылыс 1.

3. «Ұлттық Агроенеркәсіптік Корпорациясы» ЖШС, БСН 160540024988 (Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 91/2), таратылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Алматы қ., Медеу ауданы, Лутанский көшесі, 5 үй, 72 тұрғын емес бөлме мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 87772506612.

4. «Лебасы 2023» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 230140026707, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Сарыбастау ауылы, Хасенов Әбдісәулем көшесі, 88 үй, пошта индексі 041420. Тел. 87715722729.

5. «Несие серіктестігі Габит Несие» ЖШС (БСН 130740010533) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сыздықов көшесі, 8 үй, 1 пәтер.

6. «Тревел инновации» ЖШС, БСН 160440014520, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қ., Сарыарқа ауданы, Т. Шевченко көшесі, 4/1, т.е. 17 (507 оф), тел. 8(7172)98-71-49.

МҰРАҒЕРЛІК

7. 2023 жылы 27 қыркүйекте қайтыс болған аз. Кенбай Әнуар Байболатұлына қатысты мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлері мен мүдделі тұлғалар жеке нотариус Қ.Хасановқа хабарласуы қажет. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, 6/5. Тел. 87029029090.

8. 2023 жылы 15 қазанда қайтыс болған Қалжігіт Оразхан Мұқарапұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

9. 2015 жылы 8 қарашада қайтыс болған Жақсылықова Кәмила Дүйсенбайқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

10. 2024 жылы 13 ақпанда қайтыс болған азамат Сейткалиев Жасулан Маратовичтің артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз: Атырау қаласы, «Авангард 3» ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе.

ӘРТУРЛІ

11. Назар аударыңыз! «Заң газетінің» 2024 жылғы 29 наурыздағы № 23 санында жарияланған «Нафи-Нұр» (БСН 150640005051) ЖШС-нің таратылуы туралы №15 хабарландыру жарамсыз деп танылсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисыңұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаменті жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, (87058)14221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

"Қазпочта" арқылы газетке жазылу нұсқаулығы

1

"Қазпочта" мобильді қосымшасын жүктеу

2

"Басылымдарға жазылу" бөліміне өтіңіз

3

"Заң газетін" тауып, таңдау

4

Қажетті мерзімді таңдау

5

Төлем жасау

Байланыс нөмері
1499

Ең алдымен Google Play/AppStore арқылы "Қазпочтаның" ресми қосымшасын жүктеп алыңыз

Бұл батырма басты бетте "жаңа" ерекшелік белгісімен көрсетілген

Егер тізімнен табу қиындық тудырса, жоғарыдағы іздеу формасы арқылы іздеп көріңіз

Газетке қанша айға жазығыңыз келетінін белгілеп, "Сәбетке қосу" батырмасын басыңыз. Келесі бетте тапсырысыңызды растаңыз

Ыңғайлы төлем әдісін таңдап, төлем жасаңыз

Post.kz

Басылымдарға жазылу

Заң Газеті

Ақпарат пен саяси талдау

Төлем әдісі

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН:
292 43 43, 8 708 929 9874

Алынған қаражаттың мақсатты пайдалануы туралы есеп 2023 жыл			
Ұйым:	"Almaty Triathlon Federation" қоғамдық бірлестігі		
Қызмет түрі:	коммерциялық емес		
Ұйымдық-құқықтық нысаны:	Ұйымдық-құқықтық нысаны: Қоғамдық бірлестік		
Заңды мекен-жайы,	Қазақстан Республикасы, Бостандық ауд.,		
Бизнес сәйкестендіру нөмірі:	Алматы қ., әл-Фараби даңғылы., 5 үй, н.п.б		

	мың теңге сомасы
Көрсеткіш	
атауы	
Есепті жылдың басына қаражат қалдығы	24 538
Келіп түскен қаражат	
Қайырымдылық көмек	200 262
Ұйымның кәсіпкерлік қызметінен түскен табыстар	3 376
Түскен қаражаттардың барлығы	203 638
Пайдаланылған қаражат	
Мақсатты іс-шараларға жұмсалған шығыстар, оның ішінде	131 842
оқу-жаттығу жиындары	82 641
спорттық материалдық базаны ұйымдастыру	11 922
спортшыларға демешушілік көмек	10 601
турнирлерді, спорттық іс-шараларды және чемпионаттарды ұйымдастыру	22 860
Ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру	3 818
Күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар	86 398
Барлығы пайдаланылған қаражат	218 240
Есепті жылдың соңына қаражат қалдығы	9 936

"Ұлттық қаржылық есептілік стандартына 3-қосымша"		
Атауы	"Almaty Triathlon Federation" Қоғамдық бірлестігі	
Қызметінің түрі	коммерциялық емес	
Қызметкерлердің орташа жылдық саны	9	
Заңды мекен-жайы,	Қазақстан Республикасы, Бостандық ауд.,	
Бизнес сәйкестендіру нөмірі	Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 5 үй, н.п.б, 171040015211	

Бухгалтерлік баланс 31 желтоқсан 2023 жылғы жағдай бойынша			
	мың теңге		
Активтер	Е с е п т і к е з е с н ің соңына	Е с е п т і к е з е с н ің басына	
Активтер	-	-	
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	9 936	24 538	
Баска да қысқа мерзімді дебиторлық берешек	30 377	49 361	
Қорлар	63 136	53 030	
Негізгі құралдар (амортизацияны алып тастағанда)	11 395	21 081	
Материалдық емес активтер (амортизацияны алып тастағанда)	377	377	
Баска да активтер	583	493	
Активтердің жиыны	115 803	148 879	
Міндеттеме мен капитал	-	-	
Салықтар бойынша міндеттемелер	7	2	
Өзге міндеттемелер	26	2 613	
Міндеттеме жиыны	32	2 615	
Өз капиталы	-	-	
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	115 771	146 264	
Капитал жиыны	115 771	146 264	
Капитал жиыны және міндеттемелер	115 803	148 879	

24. «Астраханское» ЖШС, БСН 950740000283, қатысушыларының назарына! 2024 жылғы 12 сәуірде сағат 11.00-де Солтүстік Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотта С.А. Гайнанова, Ю.Р. Шариповалардың «Астраханское» ЖШС-не, Т.В. Грушина, Б.Н. Рамазанова, М.Ж. Касеновалар сияқты үшінші тұлғалардың үстінен жазған талап-арыз бойынша «Астраханское» ЖШС-нің қатысушыларының жалпы жиынының шешімдерін жарамсыз деп табу туралы сот отырысы өтеді. Сот отырысына онлайн түрде қатысуға да болады, қатысу үшін 87027182886 жұмыс телефоны бойынша хабарласу керек немесе СҚО, Петропавл қаласы, Брусиловский көшесі, 60 мекенжайына тікелей келіп қатысуға болады.